 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ	
ҒЫМЖ құжатының атауы:	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы	
ҒЫМЖ қағидасы	КТО-СА-PR-3.1	16 беттен 1-бет
Әзірлеген құрылымдық бөлімше: Тәуекелдерді басқару және ҒЫМЖ департаменті	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2013 жылғы 17 сәуірдегі № 5/2013 хаттама) бекітілді «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімімен (2013 жылғы 26 ақпандағы № 7 хаттама) мақұлданды	

1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ

1. Осы қағида (бұдан әрі – Қағида) «ҚазТрансОйл» АҚ-та (бұдан әрі – Қоғам) инсайдерлік ақпаратқа иелік етуге және пайдалануға ішкі бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Қағидамен мыналар белгіленеді:

- 1) инсайдерлік ақпарат тізбесі;
- 2) инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері;
- 3) инсайдерлер тізімін жаңаланған жағдайда жүргізу және ұстау тәртібі;
- 4) тұлғаларды инсайдерлер тізіміне кіргені және бұл тізімнен шыққаны туралы, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен [1] және Қағидамен көзделген шектеулер мен міндеттемелер туралы және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауаптылық туралы хабардар ету тәртібі мен мерзімдері;

5) инсайдер болып табылатын жеке заңды тұлғалардың өзінің қызмет жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын қызметкерлері туралы ақпаратты Қоғамға ұсыну тәртібі мен мерзімдері;

6) инсайдерлік ақпаратқа иелік етуге және пайдалануға бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өзге де ережелер.


2. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

3. Қағида талаптары Қоғам қызметкерлерінің және Қағидаға сай инсайдер болып табылатын басқаларының орындауы үшін міндетті болып табылады және инсайдерлердің бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және/немесе ұйымдастырылмаған нарығында Қоғам акцияларымен жасалған кез келген мәмілелеріне таралады.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

4. Қағидада мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) **Қоғам акциялары** – Қоғамның жай акциялары және негізгі активі Қоғамның жай акциялары болып табылатын туынды бағалы қағаздары;

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы	
ЫМЖ қағидасы	КТО-СА-PR-3.1	16 беттен 2-бет

2) **қаржы есептілігі депозитарийі** – қаржы есептілігі депозитарийін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген «Ақпараттық – есепке алу орталығы» АҚ;

3) **инсайдер** – Қағиданың 13-тармағына сәйкес белгіленген инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлға;

4) **инсайдерлік ақпарат** – Қоғам акциялары, олармен мәмілелер туралы, сондай-ақ акциялар шығарған (ұсынған) Қоғам, ол атқаратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын шынайы ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, оның ашылуы Қоғам акциялары құнының өзгеруіне және Қоғамның қызметіне әсер етуі мүмкін өзге де ақпарат;

5) **KASE** – «Қазақстан қор биржасы» АҚ

6) **топтық веб-сайт** – Қоғамның уәкілетті орган белгілеген талаптарға жауап беретін және интернет желісінде мынадай мекенжайы бар: www.kaztransoil.kz интернет ресурстағы ресми электронды сайты;

7) **топтық оқиғалар** – қоғам қызметіне елеулі әсер ететін, Қоғам акционерлері мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [2] 79-бабымен белгіленген оқиғалар;


8) **бағалы қағаздар нарығындағы әрекеттер** – бағалы қағаздар нарығындағы субъектілердің бағалы қағаздарға арналған бағаны бағалы қағаздар сауда-саттығының көрнекілігін жасауға және (немесе) инсайдерлік ақпаратты пайдалана отырып мәмілелер жасауға ұсыныс пен сұраныстың шынайы қатынасы нәтижесінде белгіленгеннен жоғары немесе төмен орнатуға және (немесе) ұстап тұруға бағытталған іс-әрекеті;

9) **жауапты құрылымдық бөлімше** – Қоғамның және инсайдерлердің Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпарат бөлігіндегі талаптарын және Қағиданы Қоғамның және инсайдерлердің сақтауын бақылауды жүзеге асыру міндетіне кіретін Қоғамның құрылымдық бөлімшесі;

10) **тыйым салу кезеңі** – Қоғам Директорлар кеңесінің алдын ала келісімімен жасалатын мәмілелерді қоспағанда ішінде инсайдер болып табылатын жеке тұлғаларға Қоғам акцияларымен кез келген мәмілеге тыйым салынатын Қағиданың 35-тармағымен айқындалған уақыт кезеңі;

11) **БАҚ** – бұқаралық ақпарат құралдары (кезеңдік баспа басылымдары, топтық веб-сайт және т.б.);

12) **уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығын реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы	
ЫМЖ қағидасы	КТО-СА-PR-3.1	16 беттен 3-бет

4. ҮДЕРІСТІ СИПАТТАУ

1-тарау. Инсайдерлік ақпарат тізбесі. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері

§1. Инсайдерлік ақпарат тізбесі

5. Инсайдерлік ақпаратқа мыналар жатады:

1) Қоғам акцияларын ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Қоғам қызметіндегі өзгерістер немесе өзгерістер жөніндегі жоспарлар туралы ақпарат:

- Қоғам органдары құрамының өзгерістері жөніндегі жоспарлар туралы;

- Қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызын иеленуші акционерлер құрамының өзгерістері жөніндегі жоспарлар туралы;

- Қоғамды, оның филиалдарын және өкілдіктерін, еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарын қайта ұйымдастыру немесе жою жөніндегі жоспарлар туралы;

- Қоғам мүлкіне тыйым салу туралы осы ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;

- Қоғам мүлкін Қоғам активтерінің бес және одан көп пайызын құрайтын сомаға кепілге (қайта кепілге) беру жөніндегі жоспарлар туралы;

- Қоғам лицензиясын алу, тоқтату немесе айыру туралы осы ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;

- Қоғам акционерлері Жалпы жиналысының шешімдері туралы осы ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;

- әрбір ұйымның акцияларының (үлестерінің, жарналарының) он және одан көп пайызына Қоғам иелік ететін ұйымдардың тізіміне өзгерістер енгізу жөніндегі жоспарлар туралы;


- Қоғам бағалы қағаздарын шығару анықтамалығына өзгерістер;

- Қоғам жол берген мемлекеттік емес облигациялар шығару анықтамалығымен көзделген жағдайларды Қоғамның сақтамауы, дефолт фактілері туралы осы ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;

2) Қоғамның мына топтық оқиғалары туралы ақпарат:

- Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес ақпараты акционерлер мен инвесторлар назарына жеткізілуі тиіс мәселелер тізбесі бойынша Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер туралы, осындай шешімдер олардың назарына жеткізілген кезге дейін;

- Қоғамның акциялар және басқа да бағалы қағаздар шығару жөніндегі жоспарлары және Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді уәкілетті органның бекітуі, Қоғамның бағалы қағаздарды өтеу қорытындылары туралы есептер, уәкілетті органның

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы	
ЫМЖ қағидасы	КТО-СА-PR-3.1	16 беттен 4-бет

Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы туралы осы ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;

- Қоғамның ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасау жөніндегі жоспарлары туралы;

- Қоғам мүлкін Қоғам активтерінің бес және одан көп пайызын құрайтын сомаға кепілге (қайта кепілге) беру жөніндегі жоспарлар туралы;

- Қоғамның меншік капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның несие алу жоспарлары туралы;

- қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның лицензия алу жоспарлары, қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның бұрын алған лицензияларын тоқтатуы немесе жоюы туралы;

- Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы жөніндегі жоспарлары туралы осы ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;

- Қоғам мүлкіне тыйым салу туралы осы ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;

- төтенше сипаттағы жағдай нәтижесінде теңгерімдік құны Қоғам активтері жалпы мөлшерінің он немесе одан көп пайызын құрайтын Қоғам мүлкі жойылып кеткен жағдаяттың басталғаны туралы осы ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;

- Қоғамды және оның лауазымды адамдарын әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы осы ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;

- сотта топтық дау бойынша іс қозғау туралы осы ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;

- Қоғамды мәжбүрлеп қайта құруға қатысты шешімдер туралы осы ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;


- Қоғам жарғысына, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздар шығару анықтамалығына сәйкес Қоғам акционерлері мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы олар туралы ақпарат жалпыға қол жетімді болғанға дейін;

3) Қоғам инсайдерлік деп таныған өзге де ақпарат (құжаттар):

- Қоғамның жылдық қаржы есептілігі, Қоғамның жылдық шоғырланған қаржы есептілігі және оларға аудиторлық есептер, оларды құрайтын ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;

- Қоғамның аралық (тоқсандық, жартыжылдық) қаржы есептілігі, Қоғамның аралық (тоқсандық, жартыжылдық) шоғырланған қаржы есептілігі және оларға аудиторлық есептер, оларды құрайтын ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;

- Қоғамның бұрын ашылған қаржы есептілігіндегі қателерді, егер мұндай қателер Қоғам акциясының бағасына әсер ете алса, анықтау туралы осы ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейінгі;

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы	
ЫМЖ қағидасы	КТО-СА-PR-3.1	16 беттен 5-бет

- жүргізілген Қоғамның негізгі құралдарын қайта бағалау нәтижелері туралы осы ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;

- Қоғамның активтерін құнсыздануға тестілеу нәтижелері туралы осы ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезге дейін;

- Қоғам акциялары, олармен мәмілелер, Қоғам туралы, олар жүзеге асыратын коммерциялық құпияны құрайтын қызметі туралы өзге де шынайы ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, оның ашылуы Қоғам акциялары құнының өзгеруіне және Қоғамның қызметіне әсер етуі мүмкін басқа да ақпарат.

6. Инсайдерлік ақпаратқа мыналар жатпайды:

1) Қоғам акцияларының құнына қатысты зерттеулерді, болжамдарды және бағалауларды, инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) Қоғам акцияларымен операцияларды жүзеге асыру жөніндегі сипаттамалар мен ұсыныстарды дайындау мақсатында жасалған Қоғамның мүліктік жағдайын қосқанда жалпыға қол жетімді мәлімет негізінде дайындалған ақпарат;

2) БАҚ-тан алынған ақпарат;

3) жұртшылыққа кең таралған шығу көзі белгісіз расталмаған ақпарат, сондай-ақ Қоғамның ағымдағы немесе жоспарланып отырған қызметіне қатысты болжамдар.

§2. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері


7. Қоғам инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қағидамен және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте, ережелерде және мерзімдерде ашады.

8. Қоғам инсайдерлік ақпаратты топтық веб-сайтта және (немесе) белгіленген тәртіпте айқындалған өзге де БАҚ-та орналастырады. Инсайдерлік ақпаратты ашу үшін пайдаланылатын БАҚ туралы ақпарат тиісті шартты жасасқан күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде топтық веб-сайтта орналастырылады.

Инсайдерлік ақпаратты оны бірқатар БАҚ-та орналастыру (жариялау) жолымен ашу кезінде инсайдерлік ақпаратты БАҚ-та алғашқы орналастыру (жариялау) инсайдерлік ақпаратты ашу күні болып есептеледі.

Инсайдерлік ақпаратты ашу барлық мүдделі тұлғаларға ашық қол жетімділікпен мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүзеге асырылады.

9. Қоғам инсайдерлік ақпаратты қаржы есептілігі депозитариінің интернет-ресурстарында және KASE-де, БАҚ-та орналастыруды, сондай-ақ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [1] 102-бабының 2-тармағында көрсетілген Қоғам акцияларын ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Қоғам қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпаратты уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде ұсынуды қамтамасыз етеді.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы	
ЫМЖ қағидасы	КТО-СА-PR-3.1	16 беттен 6-бет

10. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [2] 79-бабының 1-тармағымен тізбесі айқындалған Қоғамның топтық оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат қаржы есептілігі депозитариінің интернет-ресурстарында және KASE-де, БАҚ-та Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде орналастырылады.

11. Қоғам жылдық және тоқсандық қаржы есептілігін, аудиторлық есептерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде қаржы есептілігі депозитариінің интернет-ресурстарында және KASE-де орналастыруды қамтамасыз етеді.

12. Ашу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) KASE ережелерімен айқындалмаған өзге инсайдерлік ақпарат (Қоғамның ішкі құжатымен коммерциялық құпияға жатқызылған ақпараттан басқа) ол пайда болған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде топтық веб-сайтта ашуға жатады.

2-тарау. Инсайдерлерді айқындау. Инсайдерлер тізімін жасау және жаңаланған күйде ұстау тәртібі

§2. Инсайдерлерді айқындау

13. Мыналар инсайдерлер болып табылады:

1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын Қоғам қызметкерлері;

2) Қоғамның дауыс беруші акцияларының он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иеленуге, пайдалануға және (немесе) билік етуге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалар;


3) аудиторлық ұйым, баға белгілеуші, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар және ережелерімен инсайдерлік ақпаратты ашу көзделіп жасасылған шарттарға сәйкес Қоғамға қызметтер көрсетуші басқа да тұлғалар;

4) KASE, тізіміне Қоғам акциялары кірген саудаларды ұйымдастырушылар ретінде;

5) бағалы қағаздармен әрекет жасау үшін жасалған мәмілелерді тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған KASE Директорлар кеңесінің, KASE листинг комиссиясының және KASE сараптама комитетінің мүшелері;

6) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын мемлекеттік қызметкерлер, бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау бойынша өздері көрсететін қызметтеріне қарай;

7) Қоғам мүшесі болып табылатын қоғамдық бірлестіктер және өздігінен реттелетін ұйымдар және осы тармақтың 2), 3) және 4)

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы	
ЫМЖ қағидасы	КТО-СА-PR-3.1	16 беттен 7-бет

тармақшаларында көрсетілген өздеріне берілген өкілеттікке байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын ұйымдар;

8) осы тармақтың 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын қызметкерлері;

9) осы тармақтың 1) – 8) тармақшаларында көрсетілген адамдардан инсайдерлік ақпаратты алған адамдар.

§2. Инсайдерлер тізімін жасау және жаңаланған күйде ұстау тәртібі

14. Инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды бақылауды қамтамасыз ету мақсатында жауапты құрылымдық бөлімше Қағидаға қосымшаға сай нысан бойынша инсайдерлер тізімін жасауды және жаңаланған күйде ұстауды жүзеге асырады.

15. Инсайдерлер тізіміне мынадай деректер негізінде Қағиданың 13-тармағы 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген адамдар кіргізіледі:

1) Қағиданың 13-тармағы 1) тармақшасы бойынша – Қоғамның құрылымдық бөлімшесі, Қоғам Басқармасының хатшысы берген ақпарат негізінде;

2) Қағиданың 13-тармағы 2) тармақшасы бойынша – қызметтік міндетіне активтерді басқару мәселелері кіретін құрылымдық бөлімше берген ақпарат негізінде;

3) Қағиданың 13-тармағы 3) және 4) тармақшасы бойынша – тиісті шарттар жасауды (оның ішінде ауызша) қамтамасыз ететін Қоғам құрылымдық бөлімшелерінің ақпараты негізінде.

16. Инсайдерлер тізіміне кіргізілген адамдар жөніндегі ақпарат Жауапты құрылымдық бөлімшеге ұсынылады:

1) бірінші рет – Қағида бекітілген күннен бастап бір ай ішінде;

2) кейін – өзгерістер туындауына қарай.

17. Жауапты құрылымдық бөлімше алынған ақпарат негізінде:


1) инсайдерлер тізімін жасайды, оны уақтылы жаңартып отырады;

2) тоқсан сайын инсайдерлер тізімін күнтізбелік тоқсаннан кейінгі айдың бірі күніндегі жағдай бойынша Қоғамның бас директорына (Басқарма төрағасына) бекітуге шығарады.

18. Инсайдерлер тізімі Қоғамның құпия ақпараты болып табылады.

19. Инсайдерлер тізімі Жауапты құрылымдық бөлімшенің жетекшісінде сақталады.

20. Жауапты құрылымдық бөлімше көрсетілген тоқсаннан кейінгі айдың бірі күніндегі жағдай бойынша инсайдерлер туралы, оның ішінде өткен есепті кезеңмен салыстырғанда болған өзгерістер туралы ақпараттан тұратын мәліметті тоқсан сайын әрбір күнтізбелік тоқсанның аяқталуы бойынша күнтізбелік отыз күн ішінде KASE-ге ұсынуды қамтамасыз етеді.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы	
ЫМЖ қағидасы	КТО-СА-PR-3.1	16 беттен 8-бет

21. Жауапты құрылымдық бөлімше уәкілетті органға оның талап етуі бойынша осы талапта көрсетілген мерзімдерде инсайдерлер тізімін ұсынуды қамтамасыз етеді.

3-тарау. Тұлғаларды инсайдерлер тізіміне кіргізу және оларды тізімнен шығару туралы хабардар ету тәртібі мен мерзімдері

22. Жауапты құрылымдық бөлімше тиісті тұлғаларды оларды инсайдерлер тізіміне кіргізу және осы тізімнен шығару туралы, шектеулер (жеке және заңды тұлғалар үшін) туралы, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [1] 56-1-бабымен және Қағидамен көзделген міндеттер (заңды тұлғалар үшін) және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауаптылық туралы жазбаша хабардар етуді қамтамасыз етеді.

23. Хабарлама инсайдерлер тізімін бекіту және инсайдерлер тізімінен шығару күнінен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей жолданады.

24. Хабарлама тиісті тұлғаға тікелей беріледі немесе тиісті тұлғаның белгілі мекенжайына осындай тұлғаның осы хабарламаны алу фактісін қуаттайтын тәсілмен жолданады.

4-тарау. Инсайдерлер міндеттері. Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету. Инсайдерлер үшін белгіленген шектеулер

25. Инсайдерлік ақпарат ол ашылған кезге дейін құпия болады.

26. Инсайдерлер міндетті:


1) Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпарат бөлігіндегі талаптарын және Қағиданы орындауға;

2) инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты құқыққа қарсы қол жеткізуден, жоюдан, түрлендіруден, көшіруден, рұқсатсыз беруден және таратудан, сондай-ақ өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттен қорғауға;

3) өзге тұлғалардың инсайдерлік ақпаратты жарияламауына бағытталған қажетті шараларды қабылдауға;

4) инсайдер мәртебесін жоғалтқан жағдайда, Қоғамға инсайдерлік ақпараты бар барлық қолдағы материалдық көздерді беруге.

27. Қоғамның инсайдерлер болып табылатын қызметкерлері инсайдерлік ақпараты бар құжаттарды, файлдарды, сейфтердің (қоймалардың) кілттерін, рұқсатнамаларды, парольдерді жоғалтқаны немесе ол жетпей қалғаны туралы немесе инсайдерлік ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу және басқа да осындай фактілер мен жағдайлар туралы өзінің тікелей жетекшісіне немесе оны ауыстыратын адамға тез арада хабарлауға міндетті.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы	
ЫМЖ қағидасы	КТО-СА-PR-3.1	16 беттен 9-бет

28. Қоғамның инсайдерлік ақпаратты пайдаланатын құрылымдық бөлімшесі осы ақпаратты оның құпиялылығының тиісті режимін қамтамасыз ететін жағдайда сақтауды жүзеге асыруға тиіс.

29. Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің инсайдерлік ақпарат құпиялылығының режимін сақтауы үшін Қоғам қажетті ұйымдық-техникалық талаптарды қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережедегі және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарындағы тиісті талаптар;

2) ақпараттың жоғалып кетуінің және оған рұқсатсыз, оның ішінде байланыс арналары бойынша кірудің, алдын алуға мүмкіндік беретін инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғайтын ақпараттық-техникалық жүйелердің және қорғаныш құралдарының болуы.

30. Инсайдерлік ақпаратқа қол жетімділігі жоқ кез келген тұлға немесе инсайдерлер тізіміне кіргізілмеген, бірақ қандай да бір жағдайға байланысты осы ақпаратты алған тұлға міндетті:

1) инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтау бойынша шаралар қабылдауға;

2) инсайдерлік ақпараттың таралу мүмкіндігін болдырмауға,

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпарат бөлігінде көзделген және Қағида талаптарын орындауға.

31. Инсайдерлердің мынаған құқығы жоқ:

1) Қоғам акцияларымен мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге және үшінші тұлғалар үшін қол жетімді жасауға;


3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген Қоғам акцияларымен мәмілелер жасау туралы ұсыныстарды үшінші тұлғаларға беруге;

4) бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан жағдайға, сондай-ақ Қоғам туралы немесе Қоғам акцияларының болашақ бағасы туралы пікірге әсер ету мақсатында жалған мәліметтер таратпауға;

5) бағалы қағаздар нарығына әрекет ету мақсатында Қоғам акцияларымен мәмілелер жасауға;

6) бағалы қағаздар нарығының басқа да субъектілеріне олардың бағалы қағаздар нарығындағы тәртібін өзгерту мақсатында кез келген нысанда әсер етуге (егер қолданылса).

32. Басқа да жеке және заңды тұлғалармен өзара қатынаста Қоғам осындай тұлғаларға берген инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтау қажет болған ретте құпиялылық туралы шарттар (келісім) жасауға жатады. Егер Қоғам мен басқа да жеке және заңды тұлғалармен өзара қатынас

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы	
ЫМЖ қағидасы	КТО-СА-PR-3.1	16 беттен 10-бет

олардың арасында жасалған шарт негізінде болса, инсайдерлік ақпараттың құпиялығы туралы ереже осындай шартта көзделуі тиіс.

5-тарау. Инсайдерлер болып табылатын жекелеген заңды тұлғалардың міндеттері

33. Қағиданың 13-тармағы 2), 3), 4) және 7) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалар міндетті:

1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;

2) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [1] инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігіндегі және Қағиданың талаптары туралы өз қызметкерлерін хабардар етуге;

3) Қоғамның сұрауы бойынша Қоғамды қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын өз қызметкерлері туралы осындай сұрауда белгіленген мерзімдерде жазбаша хабардар етуге.

6-тарау. Тыйым салу кезеңі. Тыйым салу кезеңінің басталу және аяқталу күні туралы инсайдерлерді хабардар ету тәртібі. Тыйым салу кезеңіндегі Қоғам акцияларымен мәмілелер


34. Бағалы қағаздар нарығындағы әрекеттердің, оның ішінде инсайдерлік ақпараттарды пайдалана отырып, алдын алу мақсатында Қоғам тыйым салу кезеңін белгілейді.

35. Тыйым салу кезеңі деп есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірі күнінен бастап Қоғамның аралық (тоқсандық, жарты жылдық), жылдық қаржы есептілігі ашылған (жарияланған) кезге дейінгі уақыт кезеңі түсініледі.

36. Жауапты құрылымдық бөлімше қаржы есептілігіне қол жетімділігі бар тұлғаларды тыйым салу кезеңінің басталу күні туралы және аяқталу күні туралы, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [1] 56-1-бабымен және Қағидамен көзделген шектеулер туралы және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауаптылық туралы тоқсан сайын хабардар етуді қамтамасыз етеді.

37. Тыйым салу кезеңінің қолданылу мерзімдері туралы хабарлама тиісті тұлғаға тікелей беріледі немесе аталған тұлғаның белгілі мекенжайына осындай тұлғаның осы хабарламаны алу фактісін қуаттайтын тәсілмен жолданады.

38. Тыйым салу кезеңі туралы хабарлама алған тұлғаларға осы кезеңде Қоғам акцияларымен Қоғам Директорлар кеңесінің алдын ала келісімімен

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы	
ЫМЖ қағидасы	КТО-СА-PR-3.1	16 беттен 11-бет

жасалған мәмілелерді қоспағанда, кез келген мәмілелер жасауына тыйым салынады.

39. Тыйым салу кезеңі туралы хабарлама алған тұлға тыйым салу кезеңі ішінде Қоғам акцияларымен мәміле жасауға Қоғам Директорлар кеңесінің алдын ала келісімін алу үшін Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге құқылы. Қоғам Директорлар кеңесі мыналарды қарауға тиіс:

1) мәміленің мәні (акцияларды сату/сатып алу, мәміле бағасының нарықтық бағаларға сәйкестігі, мәміле жасау мерзімі);

2) тыйым салу кезеңінде мәміле жасау мақсаттары және оны жасау қажеттілігінің себептері;

3) мәміле бағалы қағаздар нарығына әрекет ету мақсатында жасалды деп болжауға негіздің болуы немесе болмауы;

4) жасалған мәміле нарыққа қаншалықты әсер етуі мүмкін және Қоғам Директорлар кеңесі мақұлдаған ережелерде мәмілені жасауға рұқсат туралы немесе мәмілені жасауға тыйым салу туралы шешім қабылдау.

7-тарау. Инсайдерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қағиданы бұзуы байқалған жағдайда әрекет ету шаралары

40. Инсайдерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қағиданы бұзуы байқалған жағдайда Қоғамда мынадай шаралар (қоса алғанда, бірақ шектелмей) қабылдануы мүмкін:

1) Қағиданы сақтауды бақылауды күшейту;

2) кінәлі тұлғаларды немесе инсайдерлік ақпараттың жылыстау көзін анықтау мақсатында қызметтік тексеру жүргізу,

3) уәкілетті органға олар мәмілені бағалы қағаздар нарығына әрекет ету мақсатында жасалған деп тануы мақсатында, Қоғам акцияларымен мәміле туралы ақпаратты жолдау;

4) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза шаралары қолданылуы мүмкін жағдайдарда, оларды қолдану;


5) инсайдердің іс-әрекетінен Қоғамға келтірілген материалдық залалды және/немесе іскери беделге зиянды өтеу жөнінде;

6) өзге де жол берілетін шаралар.

5. ЖАУАПТЫЛЫҚ

41. Қоғам құрылымдық бөлімшелерінің басшылары инсайдерлер тізіміне кіргізу үшін және инсайдерлер тізімінен шығару үшін ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен шынайылығына, сондай-ақ ақпараттың дер кезінде берілуіне жеке жауапты болады.

42. Қоғам құрылымдық бөлімшелерінің инсайдерлік ақпаратты ашу үшін жауапты басшылары инсайдерлік ақпаратты ашудың Қазақстан

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы	
ЫМЖ қағидасы	КТО-СА-PR-3.1	16 беттен 12-бет

Республикасының заңнамасымен, Қағидамен және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен белгіленген тәртібін, ережелерін және мерзімдерін сақтауға жеке жауапты болады.

43. Жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы Қоғамның және инсайдерлердің Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпарат бөлігіндегі және Қағиданың талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асыру үшін жауапты болады.

44. Қазақстан Республикасы заңнамасын инсайдерлік ақпарат бөлігінде бұзғаны үшін инсайдерлерге Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жауаптылық жүктеледі.


6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

45. Қағида мемлекеттік тілде және орыс тілінде топтық веб-сайтта орналастыруға жатады және инсайдерлердің сұрауы бойынша оларға беріледі.

46. Қағидамен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қоғамның ішкі құжаттары талаптарына сәйкес шешіледі.


47. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы және/немесе Қоғам Жарғысы өзгеруі нәтижесінде Қағиданың жекелеген нормалары олармен карама қайшылыққа келсе, осы нормалар күшін жояды және Қағидаға өзгеріс енгізілетін кезге дейін инсайдерлер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және Қоғамның Жарғысын басшылыққа алады.

48. Қағида оны Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы	
ЫМЖ қағидасы	КТО-СА-PR-3.1	16 беттен 13-бет

7. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

1]	«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңы
2]	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы	
ЫМЖ қағидасы	КТО-СА-PR-3.1	16 беттен 14-бет

8. ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша (міндетті)	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлері тізімінің нысаны
-------------------------------	---



«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы

ЫМЖ қағидасы

КТО-СА-PR-3.1

16 беттен 15-бет

Қосымша
(міндетті)

«БЕКІТЕМІН»
«ҚазТрансОйл» АҚ
бас директоры
(Басқарма төрағасы)
_____ (Т.А.Ә.)

(қолы)

«_____» _____ 20__ жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлері тізімі
_____ 20__ жылғы жағдай бойынша

1-бөлім. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың өз қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын қызметкерлері

№	Жеке тұлғаның тегі, аты (болған ретте – әкесінің аты)	Туған күні	Инсайдерлер тізіміне кіргізу негіздемесі	Инсайдерлер тізіміне кіргізу үшін негіздеменің туындаған күні	Инсайдерлер тізімінен шығарылған күні
1	2	3	4	5	6
1					

2-бөлім. «ҚазТрансОйл» АҚ дауыс беруші акцияларының он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иеленуге, пайдалануға және (немесе) билік етуге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалар;

№	Заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері/жеке тұлғаның тегі,	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді	Инсайдерлер тізіміне кіргізу негіздемесі	Инсайдерлер тізіміне кіргізу үшін	Инсайдерлер тізімінен
---	---	---------------------------------------	---	--------------------------------------	--------------------------



«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидасы

ЫМЖ қағидасы

КТО-СА-PR-3.1

16 беттен 16-бет

	аты (болған ретте – әкесінің аты)	(қайта тіркеуді) растайтын құжаттың деректемелері/ жеке тұлғаның туған күні		негіздеменің туындаған күні	шығарылған күні
1	2	3	4	5	6
1					

3-бөлім. Аудиторлық ұйым, баға белгілеуші, бағалы қағаздардың нарығына кәсіби қатысушылар және ережелерімен инсайдерлік ақпаратты ашу көзделген жасасылған шарттарға сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ-қа қызметтер көрсетуші басқа да тұлғалар

№	Заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері/жеке тұлғаның тегі, аты (болған ретте – әкесінің аты)	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжаттың деректемелері/ жеке тұлғаның туған күні	Инсайдерлер тізіміне кіргізу негіздемесі	Инсайдерлер тізіміне кіргізу үшін негіздеменің туындаған күні	Инсайдерлер тізімінен шығарылған күні
1	2	3	4	5	6
1					

4-бөлім. «ҚазТрансОйл» АҚ акциялары тізіміне кірген саудаларды ұйымдастырушылар

№	Заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжаттың деректемелері	Инсайдерлер тізіміне кіргізу негіздемесі	Инсайдерлер тізіміне кіргізу үшін негіздеменің туындаған күні	Инсайдерлер тізімінен шығарылған күні
1	2	3	4	5	6
1					